

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 мамыр 1993 ж. N 426

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ мемлекеттік экономика университетін Қазақ мемлекеттік басқару академиясы етіп қайта құру туралы" 1993 ж. 25 ақпандағы N 1120 U931120_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік экономика университеті мұнан былай Қазақ мемлекеттік басқару академиясы (ҚазМБА) деп аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жоғары оқу орнының құрылымын , ҚазМБА-дағы мамандықтар мен мамандандудың тізбесін айқындасын, республиканың жоғары оқу орындары үшін экономикалық бағдардағы оқытушыларды даярлау мен біліктілігін арттыру факультетін белгіленген тәртіппен ашатын болсын.

3. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.01.11.

N 53 қаулысымен. P960053_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1997.04.02.

N 465 қаулысымен. P970465_

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Білім министрлігі Қазақ мемлекеттік басқару академиясында меншікті полиграфиялық база құру және оған экономикалық әдебиеттер шығару құқын беру мәселелерін шешсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі осы мақсаттар үшін 1993 жылы нысаналы түрде 400 млн. сом қосымша қаражат бөлуді қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі 1993-1998 жылдар ішінде халықаралық байланыстарды дамыту, ақпараттық-оқыту технологияларын, шетел әдебиеттері мен осы заманғы оқу-ғылыми жабдықтарын алу үшін академияға жыл сайын кемінде 1 млн. АҚШ долларын бөлуді қарастыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі 1993-1995 жылдары жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге және 8000 шаршы метр тұрғын үй қорын, 2,5 млн. кітапқа арналған кітапхана корпусын және қонақ үй үлгісіндегі 400 адамдық бір жатақхананың құрылысын салуға бюджеттік қаражат бөлуді қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Алматы және Қарағанды есеп-кредит

техникумдарын Қазақ мемлекеттік басқару академиясының қарауына белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде беретін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі республиканың басқа аймақтарында Қазақ мемлекеттік басқару академиясының филиалдарын ашуды қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ